ӨРКЕНДЕЙ БЕР, ОТАНЫМ – ҚАСИЕТТІМ!

№125–126
(4404)
Сенбі
22 қазан
2022 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ТІРКЕУ АЯҚТАЛДЫ, ҮГІТ БАСТАЛДЫ

Бүгінге дейін барлығы алты үміткер тіркелген: Қарақат Әбден, Салтанат Тұрсынбекова, Нұрлан Әуесбаев, Қасым-Жомарт Тоқаев, Мейрам Қажыкен, Жигули Дайрабаев. Сайлау алдындағы үгіт 21 қазанда басталып, 19 қараша сағат 00:00-ге дейін жалғасады. 19 қараша – тыныштық күні. 20 қарашада сайлау өтеді.

ӘЛЕМДІ ШАРЛАП КЕТТІ

Кеше «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты, АҚШ-тың Калифорния университетінде оқитын қазақстандық Нұргүл Маханбаева желіде Республика күніне орай челлендж ұйымдастырды.

Нұргүлдің бастамасын Қазақстан азаматтары бірден қолдай кетті.

«Мен барша қазақстандықтарды келе жатқан ұлттық мерекеміз – Республика күнімен құттықтағым келеді. Неліктен ерте деп сұрайсыз? Себебі мен челленджді бастау арқылы барша қазақстандықтарды, әлемнің кез келген жерінде жүрген отандастарымды, кез келген әлеуметтік желіде Қазақстан туымен бірге түскен суретті жариялауға шақырамын. Фотосуреттерді жариялағанда міндетті түрде #Bolashaq_Republic_Day #bolashaqkz #Менің Туым #Менің Болашағым хештегтерін қолдануды сұраймын. Осылайша, әдемі туымызды әлемге көрсетіп, оның кез келген жерде танылғанын қалаймын!» дейді «Болашақ» стипендиаты.

САҒАН КЕЛДІМ, АТАЖҰРТ

6-БЕТ | 25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ОТАН – ЖАЛҒЫЗ, ТУ – ЖАЛҒЫЗ!

8-БЕТ | 25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ДЕРБЕСТІККЕ ЖОЛ САЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ

25 қазан РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді еліміздің ең маңызды мерекелерінің бірі – Республика күнімен құттықтаймын!

Республика күнін мерекелеу уақытының да өзіндік орны бар. 1990 жылы дәл осы күні, яғни 25 қазанда Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы қабылданды. Міне, осы күннен бастап еліміздің тәуелсіздігі басталды.

Мемлекет басшысының бастамасымен биыл бұл мерекені кезекті рет дәл осы тарихи күні атап өтеміз. Ал бұл – елдігімізді нығайту үшін жасалған маңызды қадам. Трансформациялар мен реформалардың артында берік және тәуелсіз мемлекет құрған халқымыз бар.

Біздің еліміз – бәріміздің ортақ үйіміз, ол – тұрақтылық пен сенімді түрде алға жылжудың кепілі. Бірлік пен келісім аясында бұдан да үлкен биіктерге жете аламыз.

Баршаңызды Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Амандық, бақыт, бейбітшілік тілеймін! Еліміз өркендеп, көркейе берсін!

Алтай КӨЛГІНОВ,
Астана қаласының әкімі

№125-126 (4404) 22/10/2022 Сенбі

БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісу облысындағы жұмыс сапары барысында өңір жұртшылығымен кездесті. Президент бұл өлкенің өзіне ерекше ыстық екенін атап өтті. Мемлекет басшысы бұрынғы Алматы облысының жер көлемі тіпті үлкен болғанын, жергілікті басқару ісін жетілдіру үшін облысты екіге бөлу туралы шешім қабылданғанын жеткізді.

Президенттің айтуынша, бұл мұқият ойластырылып жасалған қадам және тұрғындар үшін қолайлы екені анық. Қазір Жетісудың әлеуметтік-экономикалық қуатын арттыруға бюджеттен қаржы бөлініп, қолдау көрсетіліп жатыр. Бұл шешім аймаққа инвестиция тартуға, инфрақұрылымды жақсартуға ықпал етеді. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Жетісу өңірінің дамуына тың серпін беретін кейбір мәселелерге арнайы тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісу облысының әкімдігі туризм саласын дамытуға айрықша мән беруі керек екенін айтты.

– Алакөл мен Балқаштың орасан зор әлеуеті бар. «Алтын-емел» және «Жоңғар Алатауы» ұлттық паркі – экологиялық туризмді дамыту үшін таптырмайтын жер. Текелідегі әйгілі Шажа және Қора сайлары керемет көріністерге толы. Міне, осының бәрі – тұнып тұрған байлық. Әрине, туристер көптеп келу үшін тиісті инфрақұрылым салып, қолайлы жағдай жасау керек. Бұл оңай шаруа емес. Соңғы жылдары бұл бағытта біршама жұмыс атқарылды. Бірақ мұнымен шектелуге болмайды. Жетісудағы ұлттық парктерде құны 3 миллиард теңгеден астам инвестициялық жобалар жүзеге асырылмақ. Оған ірі инвесторлар тартылды, – деді Президент.

Сонымен қатар жиында облыстың экологиясы туралы да айтылды. Текелі қаласын қорғасын-мырыш комбинатының қалдықтарымен ластау мәселесі көтеріліп, жердің құрғап кетуіне жол бермеу үшін Балқаш жағалауын көгалдандыруды қолға алу маңызды екеніне мән берілді. Мемлекет басшысы бұл жұмыстарды үйлестіруді Экология министрлігі жүзеге асыруы керек екеніне тоқталды. Сондай-ақ уәкілетті органдар Қытаймен бірлесіп, трансшекаралық Іле өзеніне судың жіберілуін бақылауға алуы қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы бүгінде әлем аумалы-төкпелі геосаяси жағдайға және бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер кезеңіне қадам басқанын айтты. Президент қақтығыстар мен соғыстар көбейіп, елдер арасындағы сенімсіздік күшейе түскенін атап өтті. Сондай-ақ осындай күрделі жағдайда халқымыздың бірлігі, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау ерекше маңызға ие екенін жеткізді. Бұған Қазақстан халқы ассамблеясы зор үлес қосып келеді. Реформалар кезінде ұлттық диалогтың әмбебап алаңы ретінде танылған Ұлттық құрылтайдың маңызды рөлі туралы да сөз қозғалды. Бұл институттың қызметі билік пен қоғам арасындағы ынтымақтастық негізінде халқымыздың бірлігін нығайтуға мүмкіндік береді.

– Мұндай жағдайда әр азамат өзінің сөзі мен іс-әрекеті үшін жауапкершілікті сезінуі керек. Бұл, ең алдымен, қоғамда белгілі тұлғаларға, саясаткерлерге, журналистерге, блогерлерге қатысты. Ағат айтылған сөздер мен орынсыз мәлімдемелердің салдары ауыр болуы мүмкін. Қазақ «Айтылған сөз – атылған оқпен тең» деп бекер айтпаған. Пікірлердің плюрализмін сақтай отырып, біз радикализмнің, экстремизмнің және сепаратизмнің кез келген көріністеріне жол бермеуіміз керек. Біздің қоғамға іріткі салу әрекеттеріне заң аясында қатаң тосқауыл қойылады. Елімізде заң мен тәртіп бірінші орында тұруы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде саяси реформалардың жүргізіліп жатқанын айтып, оның мән-мағынасын түсіндірді.

– Шын мәнінде, әділдік болмаса, ешбір сала дамымайды. Халқымыз «Әділ істің бәрі игі» деп бекер айтпаған. Құзырлы органдар, лауазымды тұлғалар шешім қабылдағанда осыны әрдайым есте ұстауға тиіс. Әділетсіз шығарылған шешім биліктің беделін түсіреді. Қоғамға іріткі салып, халықтың наразылығын тудырады. Сондықтан ешқашан әділдіктен аттауға болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫ ҚҰРУҒА ЖӘРДЕМДЕСЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Заң экономикалық көрсеткіштер мен экологиялық тұрақтылыққа, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен және халықаралық институттармен ынтымақтастыққа бағытталған экономикалық өсудің жаңа моделін – жасыл өсуді әзірлеу және тарату үшін Қазақстанның Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісімге қосылуын қарастырады.

Келісім халықаралық ұйым ретінде Жаһандық жасыл өсу институтын құрудағы құқықтық қатынастарды реттейді. Институт 2010 жылы құрылған және штаб-пәтері Сеулде. Копенгагенде, Абу-Дабиде және Лондонда аймақтық кеңселері бар. Оның негізгі қызметі – жасыл экономиканы дамытудың ұлттық жоспарларын әзірлеу және іске асыру, ресурстық тиімді инвестицияларды, инновацияларды, өндіріс пен тұтынуды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін зерттеулер жүргізу арқылы дамушы елдерде тұрақты даму мен жасыл өсуге жәрдемдесу.

Келісімді ратификациялау Қазақстанға институттың сараптамалық әлеуеті мен жинақталған білім қорына қол жеткізуге, сондай-ақ ешқандай міндеттемелерді алмай-ақ техникалық көмек тартуға мүмкіндік береді.

ҰЛЫ ДАЛА САЗЫ

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев «Көркемөнер академиясы» қоғамдық қорының 15 жылдығына орай Ұлттық музейдің бастамасы бойынша ұйымдастырылған «Ұлы дала сазы» көрмесіне барды. Көрменің ашылу салтанатына Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Астана қаласының әкімі Алтай Көлгінов, дипломатиялық корпус пен шығармашылық зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәдениеттанушылар қатысты.

Мәулен Әшімбаев мұражайды аралау барысында академия мүшелерімен әңгімелесіп, жаңа жәдігерлермен танысты. Экспозицияда 150-ден астам кескіндеме, 30-дан астам графикалық жұмыс және мүсін бар. Олардың көпшілігі – соңғы жылдары дүниеге келген және әлі де өнерсүйер қауымның назарына ұсынылмаған туындылар.

Сенат төрағасы мәдениет пен өнер ұлттық ерекшелікті сақтаудағы аса маңызды мәселелердің бірі екенін атап өтті. «Көшпенділердің эстетикасы мен дүниетанымы өте терең және ерекше. Көшпенділерде адам табиғатпен етене жақын болып, әлемнің үйлесімді бөлігіне айналды. Қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау номадтардың дүниетанымындағы маңызды ерекшеліктердің бірі болды. Осының бәрі көшпелі халықтардың бейнелеу өнерінде де көрініс тапты» деп атап өтті Мәулен Әшімбаев.

Сенат төрағасының пікірінше, бүгінде көптеген отандық суретшілер көшпенділердің өнерін заманауи тұрғыда зерделеп, оны әлемдік мәдениеттің маңызды бөлігіне айналдыру жолында еселі еңбек етіп келеді. «Суретшілер арасындағы біздің құрметті ақсақалымыз Амандос Ақанаев номадтардың эстетикасы туралы өзі түйген танымын бейнелеуге бүкіл өмірін арнады. Оның бұл бағытта қол жеткізген жетістіктері ауқымды, лайықты шәкірттер шоғырын тәрбиеледі» деген Мәулен Әшімбаев өнер қайраткеріне алғысын білдірді.

Сенат төрағасы сонымен қатар «Ұлы дала сазы» көрмесі ұлттық кодты сақтау тұрғысынан аса маңызды рөл атқаратынын атап өтті. «ҚР өнер академиясы» қоғамдық қоры» Қазақстан аумағында да, одан тыс жерлерде де түрлі көрме өткізуде белсенді қызмет атқарып келеді. «Ұлы дала сазы» көрмесі Қазақстанның бейнелеу өнерін кеңінен қанат жаюы және академия мүшелерінің шығармашылығын дәріптеу мақсатында өткізіліп отыр.

«БОЗОҚ» ҚАЛАЖҰРТЫ ҚАЙТА ҚҰРЫЛАДЫ

Кеше елордада «Бозоқ» ұлттық парк құрылысының басталуын бейнелейтін естелік тарихи капсуласын қалау рәсімі өтті. «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына қарасты паркті Астананың сол жағалауында Үркер және Ильинка ауылдары арасында салу жоспарлануда.

Мыңжылдықтар тарихы жазылған Бозоқ ескерткіші Ұлы дала құндылықтарының тарихи сабақтастығын бейнелейді. «Бозоқ» жобасын іске асыру ғылыми-зерттеу қызметімен қатар танымдық, ойын-сауық және спорттық сипатындағы функциялар маңызды болатын «жанды» музей құруды көздейді. Жобаның мақсаттары мен міндеттері – көне Бозоқ қалажұртын қайта құру және археология ескерткіштерінің түпнұсқасын сақтай отырып, ботай, сақ, ғұн, түркілердің тарихи кешендерін қалпына келтіру.

Жобаны 2022-2025 жылдар аралығында 4 кезеңге бөліп іске асыру жоспарланған. Шартты түрде парктің барлық нысандары тарихи және инвестициялық деп екі бөлікке бөлінеді. «Бозоқ» ұлттық паркін құру еліміздің туристік бренді, елорда тұрғындары мен қонақтарының мәдени демалыс орны болады, ішкі және халықаралық туризмнің өсуін қамтамасыз етеді. Тарихи жад капсуласын қалау рәсіміне Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, жетекші отандық ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, елорда мектептері мен колледждерінің, Ақмола облысының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі тарих мұғалімдері мен білім алушылары, қоғам өкілдері қатысты.

№125-126 (4404) 22/10/2022 Сенбі

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ БРЕНД

ҚАЛАЙ ЖАСАЛАТЫНЫ АСТАНАДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласында кеше «Оқыту, тәрбиелеу, жақсы көру: Қазақстандағы балалар жылы» атты XIII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция басталды. Екі күнге созылатын жиынға 1300-ден астам қазақстандық мұғалім мен ғалымдар, сондай-ақ Жапония, АҚШ, Австралия, Португалия, Испания, Мальта елдерінің белгілі педагогтары келді. 15 мемлекеттен 120 спикер білім жүйесінің ең өзекті тақырыптары бойынша тәжірибе алмасады. Ұйымдастырушысы – «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. Конференция Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өткізілді.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Шетелдерден айтулы, танымал педагогтар, ғалымдар қатысты. Атап айтсақ, Финляндиядағы Йювяскюля университеті тобының EduCluster Finland инновация және сыртқы байланыс директоры Дэвид Марш, Корей білім беруді дамыту институтының ғылыми қызметкері Сунг Джи парк, Оксфорд университетінің профессоры Ирам Сираж (Ұлыбритания), Кембридж университеті емтихандық кеңесі өкілі Тим Оутс (Ұлыбритания), Жапониядағы ұлттық білім беру саясатын зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Тошия Чичибу, Эстониядағы көптілді оқыту бойынша сарапшы Питер Мехисто.

Конференция НЗМ оқушыларының биімен, әнімен, көрнекі көрмесімен басталды. Жиынға қатысушыларды Астана қаласының әкімі Алтай Көлгінов құттықтап, олардың жұмысына сәттілік тіледі.

– Педагогикалық идеяларды ортаға салатын іс-шара ел Президенті жариялаған Балалар жылы аясында өтіп отыр, бақытты, білімді балалар – біздің болашағымыз, өйткені бақытты, табысты балалар ғана биік мақсатқа жете алады, – деді қала әкімі өз сөзінде. – Білім беру сапасын жақсарту, баланы қазіргі заманға сай заманауи, сапалы біліммен қамтамасыз ету – Мемлекет басшысының бізге берген тапсырмасы. Осы ретте қала әкімдігінің, Білім басқармасының елордалық ұстаздарды қолдаудың ең үздік моделін көрсетіп отырғанын айрықша айту қажет. Жайлы мектеп жасаумен қатар елордада мұғалімдердің жалақысын көтеру бағытында оң өзгерістер бар. Соңғы екі жыл ішінде жалақылары 50%-ға, биыл тағы 25%-ға көбейді. Соңғы үш жыл ішінде 200-ден астам ұстаз шетелде тәжірибе алмасып келді, 2020-2021 жылдары қала әкімдігінің 1400 гранты, биыл 1000 грант қажет мамандарды даярлауға бөлінді. Жолдауда айтылған әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. 4000 орыннан 80 мың орынға арналған 20 ірі мектеп салу жобасы стратегиясы Оқу-ағарту министрлігімен, тиісті органдармен бірлесе қолға алынғалы отыр. 2025 жылға дейін Астана қаласында 120 мың оқушы білім алатын мектеп ашу жоспарда бар. 2019 жылдан бастап үш жылда 70 мыңнан астам орынға арналған білім ордасы ашылса, биыл 20 мыңнан астам бала, барлығы 100 мыңнан астам оқушы оқу орнымен қамтамасыз етілді. Материалдық-техникалық жарақтандыру бойынша: 70-тен астам мектеп заманауи жаңа пәндер бойынша стенд-зертханалармен жабдықталды. Сапалы кадрларды даярлау мәселесіне қатысты интеллектуалды мектептермен орталық мемлекеттік органдармен бірлесе отырып жергілікті педколледж бен пединституттармен қоян-қолтық жұмыс істеуге, сапалы кадрларды даярлауға күш саламыз. Құрметті ұстаздар, конференцияға қатысушылар, осындай жиындар, тәжірибе алмасулар керек, әсіресе шетелден ең үздік педагогтар, ғалымдар өздерінің тәжірибесімен алмасуға келгені – қуантарлық нәрсе, оларға нәтижелі жұмыс тілеймін. Осы жиыннан алған мол тәжірибеңізді, біліміңізді өз мектебіңіздегі оқушылардың бойына дарытып, жетілдіре түседі деген сенімдеміз.

Конференцияда сөз алған ҚР Оқу-ағарту вице-министрі Ғани Бейсембаев кеңеске қатысушыларды білім саласы үшін маңызды жиынның басталуымен құттықтап, сәттілік тіледі. «XXI ғасыр – жылдам өзгерістер ғасыры. Жаңару, өзгеруді күнделікті өмірден көріп жүрсіздер» деді вице-министр Ғ.Бейсембаев өз сөзінде. «Адам тәрбиесі, тұлғаны қалыптастыру ісі де бір орнында тұрмайды, үнемі ізденіс, жетілу үстінде. Осы істе сәттілік тілеймін» деді ол өз сөзінде.

Конференцияның күн тәртібінде қаралған мәселелер: өзгермелі әлемдегі балалардың дамуы, ақпараттық қоғам контексіндегі функционалдық сауаттылық, жас мұғалімнің кәсіби дамуы, инклюзивті және дербестендірілген оқыту, қолайлы білім беру ортасын құру және өзге де педагогика саласындағы сұранысқа ие басымдықтар сөз болды.

Конференцияның ауқымды күн тәртібі «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ басқарма төрайымы Күләш Шәмшидинованың «Өзгермелі әлемде балаларды жан-жақты дамыту» атты баяндамасында айқындалды.

«Болашақ жолы: заманауи үрдістерді қабылдау» атты ең күрделі тақырыпты Финляндиядағы Йювяскюля университеті тобының Educluster Finland инновациялар және сыртқы байланыстар жөніндегі директоры, философия ғылымдарының докторы Дэвид Марш талдады. Ол халықаралық сарапшылар тобының құрамында Қазақстан мұғалімінің кәсіби стандартын жасауда NIS-пен серіктестікте жұмыс істеді.

– Стандарт балалардың сапалы білімге қол жеткізудегі толық теңдігін қамтамасыз етеді және мұғалімнің мансаптық жолындағы үздіксіз кәсіби өсуіне сәйкес келеді, – деп Дэвид Марш «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ әзірлеген тұжырымдамалық құжаттың жоғары сапасын атап өтті.

«SHARE» халықаралық жобасын Кембридж университетінің профессоры Колин Маклафлин таныстырды. Ол NIS-тің барлық дерлік конференциясына қатысып, шараның басты тұлғаларының біріне айналды.

– Мен бұл жобамен үш жылдан бері жұмыс істеп келемін. Зерттеуге негізделген – мектеп алаңдары. Біз мектептерге дәріс береміз, педагогтарға өз тәжірибесін зерттеуге кеңес етеміз, сол арқылы зерттеуден практикаға көшу методикасын және оны жақсартуды қолдаймыз. Бұл конференцияда ерте жастағы білім беруге баса назар аударылды. Өйткені ерте жастан бастап сапалы білім беру, дұрыс тәрбие көрсету өте маңызды. Кейбіреулер ойлайды ерте жастағы балаға білім беру ең оңайы деп, менің ойымша, ең күрделісі осы жастағы баланы дұрыс оқыта білу дер едім. Бұл салаға бар ресурсты, күшті салсақ, оның нәтижелерін болашақта айқын көрер едік деп ойлаймын және оған сенімдімін де. NIS-тің әлемдік білім берудегі жаңаша мойындалуы, осы бағыттағы жұмыстары өте маңызды. Ол баланың барлық салада жан-жақты болып өсуіне мүдделі. Біз көбіне объективті түрде баланы дамытуға тырысамыз да, ал оның гармониялық ішкі үндестігін, ой-арманын қалыс қалдыратын кезіміз бар, олардың өз дүниетанымын тану арқылы дамыту, сондықтан бала ойлаудан, армандаудан қалыс қалмауы тиіс. Адамдармен диалог құрып, жүрегімен шынайы сөйлесуге, бөлісуге үйретеміз.

Шындығында да, Назарбаев мектебі мен университеті – Қазақстанның білім саласындағы бренді.

2010 жылы негізі қаланған Назарбаев университеті — әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналуды көздейтін мемлекеттің флагмандық оқу орны. Бұл – қызметі дербестік және академиялық еркіндік қағидаттарына негізделген Қазақстандағы ең алғашқы университет.

Елімізде жиырмаға жуық Назарбаев зияткерлік мектептері бар. Олар бүгінде көшбасшы мектептер қатарында. Назарбаев зияткерлік мектептері басқа білім ордаларына үлгі болып келеді. 12 жылдық білім беру моделі тәжірибесін алғашқылардың бірі болып енгізген білім ордасы. Бүгінгі конференцияда педагогтар мен ғалымдар «Болашақтың мектебі қандай болуы керек?», «Болашақтың білім беру жүйесі қандай өзгерістерге ұшырайды?» деген сұрақтарға жауапты бірге іздеді. Шындығында да, нәтижелі жұмыс оқушы жетістіктерінен көрінеді деген сенімдеміз.

Республика күні қарсаңында Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Жас көрерменнің музыкалық театрында мерекелік шара өтті.

ЖАҢА АУДАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Индира БЕРЖАНОВА

Мерекелік іс-шараға Астана қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов, Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев, ардагерлер қауымдастығы мен түрлі сала қызметкерлері қатысты.

Елдік қасиетіміз бен құндылықтарымызды ұлықтаған ұлттық мереке қарсаңында ұйымдастырылған іс-шара барысында еңселі елордамыздың дамуына үлес қосқан қала тұрғындарын жылы лебізін білдіріп, Астана қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов құттықтады.

– Егемендік алуымызбен Астана қаласы елордамыз атанды. Еңселі елордамыздың көркеюінің негізгі себепшісі – мына сіздер, қала тұрғындары. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында қаламыз үлкен мегаполиске айналды. Құрылғанына төрт жыл болған Байқоңыр ауданының келбеті сіздермен бірге қалыптасты. Сондықтан барша қала тұрғындарын мерекемен құттықтай отыра, жұмысыңызға толағай табыс тілеймін, – деді Е.Каналимов.

Салтанатты іс-шарада Байқоңыр ауданының дамуына үлес қосқан, әр салада еңбек еткен үздік қызметкерлер қала әкімі Алтай Көлгінов пен аудан әкімі Ерлан Жаулыбаевтың атынан арнайы алғыс хатпен марапатталып, бағалы сыйлыққа ие болды. Солардың бірі – Байқоңыр ауданы «Өндіріс» кентінің белсенді тұрғыны Дәнекер Касимова.

– Байқоңыр ауданының «Өндіріс» кентінде бір жарым жылға жуық уақыт жұмыс істеймін. Ауданның тазалығына, тыныштығына, қауіпсіздігіне жауап беремін. Республика күні қарсаңында аудан әкімі үздік әрі белсенді тұрғындарды мерекемен құттықтап, марапаттап жатыр. Мен өте қуаныштымын. Егеменді еліміздің дамуына өзімнің үлесімді қосқаныма ризамын. Мереке құтты болсын! Еліміз аман болсын! – деді қала тұрғыны.

Мерекелік кешті Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрі күмбірлеген күймен жалғастырып, өзге де өнерпаздар көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады.

ЕЛОРДА ЕМХАНАЛАРЫ ЖӨНДЕЛЕДІ

Астанада емханаларға жөндеу жұмыстарын жүргізу және қажетті заманауи құрал-жабдықтар сатып алуға қалалық мәслихат қаражат бөлуді қолдады. Бұл жұмыстар «Елорданың денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» аясында жүзеге асырылмақ. Осылайша келер жылдың соңына дейін елордадағы 10 медициналық мекемеде күрделі жөндеу жұмысы аяқталады.

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов аталған бағдарлама аясында жоспарланған жұмыс халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемі мен сапасына тікелей әсер ететінін айтты.

– Күрделі жөндеуден кейін №4 қалалық емхананың ересектер бөлімі ашылды, балалар бөліміндегі жөндеу жұмысы келесі жылы аяқталады. Әзірге олар С.Сейфуллин көшесінде орналасқан ғимаратта медициналық қызмет алатын болады. Емхана салынғаннан бері жөндеу жұмысы жүргізілмеген, 15 жылдан астам уақыттан бері елорданың барлық денсаулық сақтау мекемелерінде осындай көрініс байқалады, – дейді ол.

Сондай-ақ аталған медициналық мекемеде жаңа лифтілер, рентген, флюорография, УДЗ және басқа да құрылғылар орнатылып, демалыс орындары кеңейтілген. Жаңа жиһаздар алынып, заманауи желдеткіш, ауаны баптау жүйелері, электр қуаты, су құбыры, кәріз жүйесі, шатыр жабындысы жаңартылған. 90 мыңға жуық тұрғын тіркелген емханаға 9 ай ішінде 250 мыңнан астам қызмет алушы келген.

Баян АСЫЛБЕКОВА

№125-126 (4404) 22/10/2022 Сенбі

ЛЕБІЗДЕР ЛЕГІ

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты:

ҰЛЫҚ МЕЙРАМ ҰЛАҒАТЫ

– 1990 жылы 25 қазан күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Осыдан бастап біздің Отанымыз – Қазақстан еңсесі биік, терезесі тең дербес мемлекет ретінде әлем картасынан ойып орын алды. Осы тұрғыдан алғанда, 25 қазан еліміздегі ең ұлық мейрамдардың бірі болуға әбден лайық.

Елімізде бұл күн 2009 жылға дейін ұлттық мереке ретінде тойланып келді. 2009 жылы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» қолданыстағы заңға өзгерістер енгізілді. Оған сәйкес, 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні ұлттық мереке болып өзгертілуіне байланысты, 25 қазан – Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды. Шын мәнінде, біздің елдің бас мейрамы өз егемендігін жариялаған болу керек еді. Ал оны 16 желтоқсанмен қабаттастыру тым ыңғайсыз.

1986 жылы 16, 17, 18 желтоқсан күндері Алматы қаласында қазақ ұлтының қаны төгілді. 2011 жылы 16 желтоқсанда да Жаңаөзен қаласында тағы қан ақты. Ендеше мемлекет құрылған күнді осындай трагедиясы бар күнде тойлау моральдық тұрғыдан дұрыс емес. Сондықтан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынуы өте орынды шешім болды. Біз 16 желтоқсанды тәуелсіздік мерекесі деп тойлағанымызбен, 1990 жылы 25 қазан күні Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация жарияланған сәттен бастап Қазақстан төрткүл дүниеге дербес мемлекет ретінде танылған. Бұл – тарихи шындық. Міне, биылдан бастап осы бір ұлық күн өз мәртебесін алды. Мереке құтты болсын, отандастар!

Асхат НАЛШЫБЕК,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙРЫҚША СИМВОЛЫ

– Республика күні Жаңа Қазақстанның айрықша символы болмақ. Бұл – Егемендік декларациясын алғаш рет демократиялық түрде Жоғарғы Кеңестің бекіткен күні. Құжатта территория тұтастығы, оның бөлінбестігі анықталып, мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі принциптері жазылды. Осылайша 1990 жылы сәуірде президенттік басқаруды енгізді. Осы жұмыстардың басы-қасында болып, Алаш мұраларын ақтау жұмыстарын қолға алған, тәуелсіздікке себеп болған мемлекет және қоғам қайраткерлерін ұлықтау қажет. Сол кеңестегі депутаттармен кездесіп, декларацияның қалай қабылдағанын талқылау маңызды. Осы ретте білім ұйымдарында, медиада тарих тұлғаларымен арнайы кездесулер өткізуді ұсынамын. Сонда әділетті Қазақстан жаңғыру жолымыздың идеясы айқындала түспек. 25 қазанда Қазақстан халқының достығы, төзімділігі, жеткен жетістігі, ұлттық стратегиялық мүддесі мейлінше насихатталып, патриоттық, бүгінгі Қазақстан патриоттығын айқындайтын факторлар әлемге паш етілуі тиіс деп ойлаймын.

Тәуелсіздік декларациясын жариялады қ, Конституциямызды қабылдадық, ұлттық стратегиялық мүдделерімізді анықтадық. Сондықтан бұл құжаттың маңызын кетіруге болмайды. Оны бірінші кезекке қоюымыз керек. Бұл күн тәуелсіздігіміздің күні болуы тиіс. Нақтырақ айтқанда, 25 қазан тәуелсіз республика декларациясы қабылданған мейрам күні болуы керек. Ал 16 желтоқсанда ыңғайсыз жағдайға тап боламыз. Бір жағынан – мейрам, бір жағынан – трагедия. Бұл күні қуанайын десең қанды оқиға есіңізге түсіп, көңіліңіз жабырқайды. Сондықтан меніңше, 16 желтоқсан – Желтоқсан көтерілісі күні ретінде аталып өтетін болса.

Республика күнін тойлау мәселесіне келер болсақ, бұл саяси мейрам ғой. Сондықтан осы күні Қазақстан елі, жері, рәміздері, Президент жайлы, президенттік басқару туралы қысқаша деректер БАҚ арқылы беріліп жатуы керек. Ірі тұлғалар, қоғам қайраткерлері қалың бұқараға тәуелсіздіктің мәнін, осы ұғымды тереңнен, тарихи тұрғыда талдап беруі қажет.

ЕЛДІККЕ ЖОЛ САЛҒАН ҚҰЖАТ

Егемендік декларациясы қабылданған 25 қазан ерекше тарихи маңызы бар оқиға ретінде бағаланып, ендігі уақытта Республика күні ретінде ұлықталады. Оның түпкі мәні – жаһанданған заманда елдіктің еңсесін тіктеп, ұлттық ерекшелікті, ұлттық болмыс-бітімді сақтай отыра, дамудың жолын саралау. Салтанатты мереке қатарына қайта енген Республика күні туралы ғалымдар мен тарихшылар не дейді?

Хазретәлі ТҰРСҰН,
тарих ғылымдарының докторы, профессор:

– Декларацияның мәнін ашқанда Алаш идеясымен мазмұндас екенін зерделеу маңызды. Ұлттық идея дегеніміз – бір ауыз сөзбен айтқанда, қоғам мүшелерінің өз елінің өткені, бүгіні және болашағына негізделген, оны өмірлік әрекеттерге жұмылдыратын, соған сәйкес қоғамдық ахуалды танытатын тұрақты түсінік, ұғым деген мағынада қолданылады. Ұлт болған соң ұлттық идея болады. Ұлт болу үшін елді қалыптастыратын бастаулар – территория, онда тұратын халық, біртұтас мемлекеттік басқару болуы керек.

Бүгінде Алаш қозғалысы мен Алаш Орда үкіметінің тарихын таразылай келе елі сүйген, елін сүйген алаштықтардың жоғарыда аталған мәңгілік сауалдың жауабын тапқандай болды. Алаштықтардың ұлттық мемлекет құру, ел болып әлемдік қауымдастықпен тең дәрежеде болу туралы қабылдаған батыл саяси шешімдері, өкінішке қарай, саяси тәжірибеге айнала алмады. Олардың ұлттық идеясын лықсып келген тоталитарлық қоғамның бибауырмалдық саясаты «жұтып» қойды. Кеңестік, социалистік, таптық мазмұн алған Кеңес Одағы құрамындағы Қазақ мемлекеттілігі жаңа сипаттағы колониализмнің кезекті ойын алаңына айналды.

Халқымыздың ұлттық элитасының алдыңғы буыны түгелге жуық саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Тіпті 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты тұтас ұлтқа «қазақ ұлтшылдығы» деген айып тағылды. Осының барлығының түпкі себебі халқымыздың саяси биліктен айырылып қалуы еді. Саяси билігінен айырылған халық біртіндеп тобырға айналады, тобыр өктем ұлттың өркениетіне жұтылып кетеді.

Қайта құрудың даму барысы кеңестік империяның ыдырауына алып келді. Бұл кездейсоқтық емес, заңдылық болатын. Осындай елең-алаң кезеңде – 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңының қабылдануына құқықтық-заңнамалық негіз қалады. 1991 жылғы 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күнімен бірге «Республика күні» деген атпен мемлекеттік мерекелердің тізіміне енгізілді.

Халқымыз үшін тағдыршешті құқықтық негізге айналған осы екі құжаттың қабылдануындағы Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың еңбегін жоққа шығаруға болмайды. Әйтсе де декларацияның қабылданған күнін мемлекеттік мерекелер тізімінен алып тастаудың тасасында ұлттық мүддеге сай келмейтін саяси шешімдер жатқаны аңғарылады. Оның басты айғағы – тәуелсіздігімізді тұғырлаған халықаралық маңызы бар құжатта белгіленген, әсіресе ұлттық мүддеге байланған саяси құндылықтардан шегіну болды. Әрине, кез келген құжат қатып қалған догма емес, оған да уақыт талабына сай өзгеріс енгізіледі. Бірақ ондағы белгіленген басты құндылықтар емес, осы құндылықтарды іске асыру тәсілдері өзгеруі мүмкін.

Декларацияның 7-бабында көзделген «Қазақстан Республикасы жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде,

адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар нәтижесінде республика территориясынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарының, сондай-ақ бұрынғы одақтас республикалар территориясында тұратын қазақтардың өз территориясына қайтып оралуы үшін жағдай жасайды» деген талаптың орындалуының мораторийге ұласып, пәрменді түрде іске асырылмауына қойылған түрлі кедергілерден осындай шегіністі байқаймыз.

Сол сияқты 11-баптағы «Жер және оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар,

экономикалық және ғылыми-техникалық потенциал Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің негізін құрай отырып, тек қана соның меншігінде болады» деген ұстанымның да шетелдіктерге жер сату түрінде халықтың ел тағдыры үшін алаңдауына, тіпті саяси толқуына негіз болғандығын осындай декларацияда белгіленген мәңгілік құндылықтардан, ұлттық мүддеден шегіну болғанын айта аламыз.

Егемендік декларациясы – қазақ халқы ұлт болып, мемлекет болып тұрғанда барынша ұлықталатын саяси құндылығымыз. Ұлттық идеяға айналған, еліміздің тәуелсіздігіне құқықтық-заңнамалық негіз қалаған және бүгінгі саяси дамуымыздың өзегін құраған құжаттың уақыт өткен сайын маңызы арта түседі.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ,
жазушы, тарихшы:

– 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Егемендік декларациясын қазақ елі үлкен қуанышпен қарсы алды. Өйткені тарихи құжатта Алаш зиялыларының ұстанымы мен озық идеясы көрініс тауып, ұлттық мемлекет құрудың маңызы көтерілді. Алайда 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңында ұлттық ұстанымға басымдық берілмеді. Соның салдарынан әлі күнге дейін қазақ тілі өгейдің күйін кешіп келеді.

25 қазан – Республика күніне басымдық беріліп, ұлттық мереке ретінде атап өтуінің астарында Егемендік декларациясында көтерілген ұлттық мемлекеттің салтанат құруына маңыз беріп отыр деп есептеймін. Ұлттық мемлекет дегеніміз – азаматтарының бойында мемлекетшілдік, отаншылдық қасиеттерін қалыптастыру, дамыту деген сөз.

Әлі күнге дейін «Мемлекеттік тіл туралы» заңды қабылдай алмай отырмыз. Оның себебі – «ұлттық» деген сөзден қорқып отырмыз. Сондықтан Парламент қазақ тілінде заң шығара алмай, Үкімет қазақ тілінде сөйлемей отыр.

Өз басым Жаңа Қазақстанды ұлттық мемлекет деп түсінемін әрі Егемендік декларациясында көрсетілгендей, ұлттық мемлекетке бетбұрыс жасау деп қабылдаймын.

Бүркітбай АЯҒАН,
тарих ғылымдарының докторы, профессор:

– Тәуелсіздік жолының қаншалықты қиын әрі ұзақ болғанын қазір бәрі бірдей еске алмаса керек. 1970-1980 жылдардағы КСРО-ның елдегі даму кезеңі партиялық құжаттарда «дамыған социализм» кезеңі деп аталды.

Елдегі саяси жағдайдың әсері депутаттық корпустың ықпалды, дәрменді болуына өз әсерін тигізді. 1990 жылы наурызда он екінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сайлауы өтті. Бұл жоғары заң шығарушы органға өткен алғашқы демократиялық сайлау болды, бұрынғылардан әлдеқайда еркін болды. Міне, дәл осы депутаттық корпус тәуелсіздіктің тұғырлы болуына негіз болған аса маңызды актілердің тұтас пакетін қабылдады. Олардың ішінде Президент лауазымы бекітіліп, осы қызметке сайланғаннан кейін «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация» жобасын дайындау жұмысы басталды.

Тәуелсіздіктің қалыптасуында шешуші рөл атқарған ең маңызды құжат Егемендік декларациясы болды. Декларацияны әзірлеушілердің бірі, белгілі заңгер ғалым, академик Салық Зиманов және т. б. қоғам қайраткерлері құжатта ұлттық ерекшеліктерге басымдық бергені сол кездегі батыл қадам болды.

Біздің білетініміз, ұзақ талқылаулар мен пысықтаулардан кейін декларация жобасы Жоғарғы Кеңестің талқылауына ұсынылды. Барлық қажетті рәсімдерден кейін, 1990 жылы 15 қазанда Жоғарғы Кеңес төрағасының баяндамасынан кейін Ерік Асанбаевтың қатысуымен декларацияның ұсынылған ережелері бойынша пікірталас жүргізілді. Депутаттар арасында республиканың егемендігіне, Қазақстанның тәуелсіз дамуының қажеттілігіне ашық қарсы шыққандар да болды.

Парламент қабырғасында жобаны талқылау жалпы екі күнге созылды, жарыссөзде 40 депутат сөз сөйледі. Ал академик Салық Зиманов атап көрсеткендей, «пікірталас қызу, дауылды, қайшылыққа толы болды». Жалпыхалықтық талқылау барысында түскен ұсыныстар мен ескертулерді қорытындылау және декларация жобасын пысықтау үшін комиссия құру туралы шешім қабылданды.

Міне, ақыры 1990 жылы 25 қазанда қызу талқылаулардан кейін Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Кейіннен 25 қазан – Республика күні мерекелік жұмыс емес күн болып жарияланды.

Декларацияның алғашқы нұсқасын қабылдауда Өзбекәлі Жәнібеков, Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Әбіш Кекілбаев, Манаш Қозыбаев, Серікболсын Әбділдин, Шахмардан Есенов және т. б. ұлт қайраткерлерінің тарихи құжатты қабылдаудағы ерік-жігерін ұмытпауымыз керек.

Дайындаған
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

P.S: ***Біздің алдымызда ұлы міндет тұр, ол – Жаңа Қазақстанды құрып, әділетті принциптерін ұстанған қоғам құру. Қазақ қоғамы үшін әділдіктің ең үлкені – ұлттық мемлекет құрып, ата-бабамыздың арман-мұратын шындыққа айналдыру. Бұл ретте, 25 қазанға сәйкес келетін Республика күні маңызды рөл атқарады. Өйткені бұл мерекенің түпкі мәні Егемендік декларациясының мән-мазмұнын насихаттау болса, бұл құжаттың өзегі – ұлттық мемлекет құру.***

№125-126 (4404) 22/10/2022 Сенбі

Құрметті астаналықтар және қала қонақтары!

25 қазан – Республика күні ұлттық мерекеміз құтты болсын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың дәл осы күнді Республика күні ретінде атап өту туралы заңға қол қойғанын жақсы білесіздер.

Осыдан 32 жыл бұрын, яғни 1990 жылғы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы тарихи декларация қабылданған болатын. Бұл арайлы азаттығымызға жасалған нақты қадамның бірі, бұдан кейін жарияланған тәуелсіздігіміздің бастамасы, алғышарты болды.

Аталмыш тарихи күннен бүгінге дейін Қазақстан халқының бірлігі мен қажырлы еңбегінің, ерік-жігерінің арқасында демократиялық, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дамыған ел қалыптастыра білдік.

Республика күні әрбір қазақстандық үшін ерекше маңызды мереке деп білемін. Өйткені бұл – тәуелсіздіктің, берекесі жарасқан және бейбіт Отанымыздың жарқын символы.

Еліміздегі әрбір шаңыраққа шаттық пен береке, егемен елімізге ашық аспан тілеймін!

Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының хатшысы

БІРЛІК – БІЗДІҢ БАҒЫМЫЗ

Әлемнің басты құндылықтары – қоғамның бірлігі және ұлтаралық келісім. Ал жалпықазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы ассамблеясы маңызды рөл атқарады. Елімізде қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылы тиімділігін арттыру міндетін ассамблеялар Достық үйі арқылы жүзеге асырады.

Райхан РАХМЕТОВА

Астанадағы Достық үйінде белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері басқаратын этномәдени орталықтар, ғылыми-сарапшылық топтар, Қоғамдық келісім кеңесі, Аналар кеңесі, журналистер клубы, «Парасат» қайырымдылық істерді реттеу орталығы, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі филиалы, «Аналар аманаты» орталығы, Ақсақалдар кеңесі, медиация кабинеті жұмыс істейді. Мұнда мемлекеттік және Қазақстан халықтарының ана тілін үйренуіне барлық жағдай жасалған. «Мәміле» қазақ тілі клубы қазақ тілінде ауызекі сөйлеуге үйретеді. Сонымен қатар этностардың тілі мен салт-дәстүрін дамытуға бағытталған кешенді жұмыстарды 10 этнолингвистикалық орталық жүргізеді, бұл орталықтар бюджет есебімен қаржыландырылады. Жыл сайын, қалалық ассамблеяның жұмыс жоспарына сәйкес, мемлекеттік мейрамдар, атап айтқанда, Конституция күні, Тәуелсіздік күні, Наурыз мейрамы, Масленица, Сабантой сынды мерекелер аталып өтеді. Биылдан бастап олардың қатарына Республика күні қосылып отыр.

– Жыл басынан бері қалалық ассамблея 38 іс-шара ұйымдастырды, соның 3-еуі – республикалық, 35-і – қалалық іс-шара. Халық дипломатиясы тәжірибесін дамыта отырып, Достық үйі өз алаңында шетелдік делегацияларды жиі қабылдайды. Биыл мұнда Ресей, Польша, Германия, Қырғызстан және Әзербайжаннан қонақтар көп келді. Достық үйінде қалалық ҚХА құрамына кіретін барлық этномәдени орталықтардың жеке кабинеттері бар, – дейді Астана қаласы әкімдігі жанындағы «Қоғамдық келісім» КММ басшысының орынбасары Нұркен Әбдіғали.

Бірнеше бағытта, атап айтқанда, салт-дәстүрді зерттеу, би, декоративтік-қолданбалы өнер, халық билерін үйретететін шеберлік кластары бойынша жобалар белсенді жүзеге асырылады. «АНК Live» тікелей эфир орталығы базасында жыл сайын түрлі қалалық, республикалық, тіпті халықаралық жобалар жүзеге асырылады. Біртуар ел азаматтарымен, қоғам қайраткерлерімен, ғалымдар және өнер майталмандарымен кездесулер, ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізу дәстүрге айналған.

Достық үйі ашылғалы бері этномәдени бірлестіктердегі шығармашылық ұжымдар саны артты. 2018 жылы олардың саны 37 болса, қазір 56-ға жетті. 2019 жылы 5 шығармашылық ұжым «Халықтық» деген атақ алды. Достық үйінің техникалық жарақтандырылуы жастардың бойындағы түрлі қабілетті дамытуға ықпал етті. 2020 жылдан бері жастардың бастамасымен «Ассамблея. Тұлға. Тағдыр» тақырыбында еліміздің тәуелсіздігі мен елорданың қалыптасуына үлес қосқан түрлі этностардың талантты өкілдері туралы бейнероликтер сериясы түсіріле бастады. Жастар түсірген мемлекеттік мерекелерді мемлекеттік тілде құттықтау және мерейтойларға арналған бейнечелленджде де танымалдылыққа ие болды.

ҚХА кеңесінде сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қайырымдылық, әлеуметтік кәсіпкерлік, меценаттық, медиация сынды азаматтық белсенділіктің жаңа түрлері қазіргі таңда қалыпты жағдайға айналды» деп атап өткені есімізде. Осы орайда Достық үйінде халық арасындағы әлеуметтік осал топтарға көмек көрсетуге елді жұмылдыратын «Парасат» орталығы құрылды. Орталық жұмысын дамытуда елорда жастары волонтер ретінде қатысып, үлкен үлес қосып келеді. 2021-2022 жылдары жалпы сомасы 60 млн теңгені құрайтын 70 қайырымдылық шарасы осы орталық арқылы ұйымдастырылды.

Ақпараттық топтар мен әлеуметтік желілердегі Қоғамдық келісім кеңесі арқылы тату көрші болу, ынтымақтастықты дамытуды насихаттайтын ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізіліп отырады. Былтыр Достық үйінің жертөле қабаты абаттандырылып, онда жастарға арналған коворкинг орталықтар және ассамблея жұмысына қажет өзге де мекемелер орналасты. Ассамблеяның журналистер клубының мүшелері мен этномәдени бірлестіктердің блогерлері жұмылдырылған медиа-орталық қызметі де жақсы жолға қойылған. Бір сөзбен айтқанда, елорданың Достық үйі бүгінде еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі жастардың әлеуетін арттыратын ресурс орталығына айналып отыр.

Биыл елорданың 10 жоғары оқу орнында «Ассамблея күндері» аталып өтуде. Жақында сондай іс-шара Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде де ұйымдастырылғанда, оқу орнының ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ерлан Сыдықов мұндай кездесулер Ұлы даланың тереңнен келе жатқан достық, толеранттылық, ынтымақтастық сөздерімен ерекше аталып өтуі керегін айтты.

– Біздің оқу орнында 2013 жылдан бастап Қазақстан халқы ассамблеясының кафедрасы табысты жұмыс істейді. Университет ғылыми білім беру жағынан көмек көрсетеді. 2022 жылы ҚХА саясаттану кафедрасының базасында шетелдік тәжірибеде теңдесі жоқ «Этнополитология» жаңа білім беру магистрлік бағдарламасы ашылды. Онда 21 магистрант оқиды. Қазақстан халқы ассамблеясымен ынтымақтастық басымдыққа ие, біздің ЖОО қабырғасында арнайы келген қонақтар дәріс оқиды, студент жастармен бірлескен жобалар жүзеге асады, – деді ол.

ҚХА кеңесінің мүшесі, Қазақстанның «Вайнах» шешендері мен ингуштары қауымдастығының тең төрағасы Юсуп Келигов Қазақстан тәуелсіздігін дамытудың тарихи негіздерін атап өтті.

– Бүгінгі жастар тұрақты және қарқынды дамып келе жатқан елде тұрады, өйткені бүгінде біз қоғамдық келісім тұрақтылығы, ауыртпалықсыз және соғыссыз бірлік пен татулықтың куәсі болып отырмыз. «Біз теңбіз және әртүрліміз» қағидаты елімізді дамытып, нығайтқысы және өмірімізді көркейткісі келетіндерге арналған, – деп атап өтті ол.

ЛЕБІЗДЕР ЛЕГІ

Хасан ШАРИПОВ,
Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі:

ЕЛМЕН БІРГЕ ӨСІП КЕЛЕМІН

– Ел тарихының айтулы белестерін білдіретін, сол күнге орай барша халықты жұмылдырып, ортақ мүддеге ұмтылдыратын маңызды даталар болады. Ұлттық мерекемізді биыл жаңаша тойламақпыз. Мұны да жақсылыққа балап отырмыз.

Ұлық күн Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданған сәтімен аталып өтеді. Бұл да тек еліміз ғана емес, өзіміздей азаматтардың да өміріндегі үлкен бетбұрыс, тағдырлы сәттер дей аламын. Осы декларация арқылы Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды.

Бүгіндері егемендіктің арқасында ел еңсесін көтеріп, айналадағы жұртпен тереземіз тең, әлемдік қауымдастықтың аузына ілініп, тірлік етіп жатқанымызды сол жылдары елестете де алмағанбыз. Алайда жақсылықтың таңы арайлап келе жатқанын түсіндік. Екі білегімізді сыбанып, сол қоғамды құруға кірісіп кеттік.

Мен елімнің бір азаматы ретінде ел тәуелсіздігімен бірге өркендеп, өскен адаммын. Сол бір тәуелсіздік бастауларында, тоқсаныншы жылдары біршама жұрт өз елін, туған жерін ізден кетіп жатқаны есімде. Таңдау әр кезде де болады, бірақ біз дұрыс таңдау жасадық деп ойлаймын. Ата-бабаларым Таразға тұрақтап, қазақ халқымен бір атаның баласындай жақын болып, тонның ішкі бауындай араласып, бір үзім нанды бөле жеген қазаққа сіңіп кеткен. Маған ата-анам әрдайым қасиетті Отанымызға айналған Қазақстаннан ешқайда кетпейсіңдер, осы жерде туып-өстіңдер, осы жердің суын ішіп, нанын жеп отырсыңдар, ондай болса, Қазақстанның өркендеуіне, өсуіне де пайдаларыңды тигізіп, үлес қосыңдар. Отан алдындағы парызды осында өтеңдер дейтін. Сонымен қатар өздеріңнің тарихи тіліңді, тарихыңды, салт-дәстүріңді ұмытпаңдар, бірақ қазақтың тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын білуге міндеттісіңдер. Оны қадірлеңдер дейтін. Осы сөздер менің жадымда сақталып қалыпты.

Егемен еліміздің жаңа астанасының іргесі қаланып жатқанда, біз де жиынып-түйініп Арқаны бетке алдық.

Тәуелсіздіктің елең-алаңында Тараз қаласында кәсіпкерлікті бастадым. Наубайхана ашып, кәсібім нәсібіме айналып келеді. Қазіргі уақытта Алматы, Астана, Тараз, Павлодар қалаларында наубайхана желісі жұмыс істеп тұр. Бұл да тәуелсіздік жылдарының жемісі деп білемін.



Арайлым ҚҰМАРЖАНОВА,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

МӘРТЕБЕЛІ МЕЙРАМНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне ұлттық мейрам мәртебесін беретін заңға қол қойды. Бұл барша қазақстандықтар үшін тарихи күн деуге болады. Өйткен себебі – 1990 жылы 25 қазанда еліміздің егемендігі туралы декларация қабылданды. Сол құжат біздің республиканың мемлекеттілігін қалыптастыру жолындағы алғашқы құтты қадамы болатын. Ал тәуелсіздік тәжі болып табылатын еліміздің астанасы үшін бұл оқиғаның мән-маңызы өте зор. Егемендік пен елорда егіз ұғым саналатындықтан, тарихи құжатқа қол қойылған күннің бас қаламыз үшін атқаратын рөлі ерекше.

Мен, Астана қаласының тұрғыны ретінде, бұл мейрамның ұлттық мәртебесін алып, халқымызға қайтып оралғанын қуана қолдағандардың бірімін. Себебі Республика күні біздің тәуелсіздігіміз бен елдігіміздің бастауын белгілеп берді. Осы күні әрбір қазақстандықтың жүрегінен орын алып, әр отбасының өмір сүру сапасын жақсартуға бастайтын жолдағы алғашқы жасаған қадамымыз болды. Тәуелсіз мемлекет ретінде біз осы жылдары көптеген қиыншылықтарды бастан өткердік. Алайда біз бұл таңдаған даму жолымызды әуелде неден бастағанымызды, не нәрсеге қол жеткізгенімізді ұмытпауымыз керек. Отыз жылдан астам уақыт аралығындағы оқиғалар халқымызды ертеңгі күнге деген үміті, туған жерге деген сүйіспеншілігі, өзге этностарға деген мейірімділігі мен қонақжайлығы біріктіріп тұрғанын көрсетті. Яғни біз осы тарихи межеде не нәрсені сақтай алдық, не нәрсені қадірлей білдік, осылардың бәрін бізге қайтып оралған мәртебелі мейрамымыз – Республика күні есімізге түсіріп отыруы тиіс.

Барша қазақстандықтарды, елорда тұрғындары мен қонақтарын 25 қазан – Республика күнімен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақыт, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

№125-126 (4404) 22/10/2022 Сенбі

Құрметті астаналықтар!

Ұлттық мерекеміз, егемендігіміздің жаршысы болған 25 қазан – Республика күні құтты болсын!

Мемлекетіміздің мәйегі, дербестігіміздің дәйегі болған егемендіктің арқасында еліміз толайым табысқа қол жеткізді. Артқа тастаған жылдар Қазақстан тарихының жарқын беттеріне айналды. Саяси тұрақтылық пен экономикалық өсу Отанымыздың гүлдене түсіне негіз болды.

Береке-бірлік, бейбіт тірлік қалыптастырған мемлекет ретінде әлемге танылдық. Еліміздің халықаралық деңгейде айбыны асып, абыройының тасуы – егемендіктің шапағаты. Осының бәрі – республикамызда жүргізіліп отырған саясаттың нақтылығы мен жасампаздығы.

Ардақты әлеумет! Ұлық мереке – Республика күні отбасыңызға береке, қуаныш, жақсылығын ала келсін! Ел іргесі аман, келешегіміз кемел, әділетті Қазақстанды құру жолында бірлігіміз мықты болсын!

Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

ЛЕБІЗДЕР ЛЕГІ

Сайлау БАТЫРШАҰЛЫ,
мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, профессор, экономика ғылымдарының докторы:

ТАРИХИ ШЫНДЫҚҚА ТАҒЗЫМ

– Бұл күннің біз үшін, еліміз үшін мән-маңызы айрықша. Өйткені бұл күн – Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы қаланған күн.

1990 жылы 25 қазан күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Кейін мұның дәрежесін төмендету үшін Республика күні деп атап жіберді. Бұл декларация қабылданудан бұрын Кеңес Одағының құрамындағы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузия сияқты республикалар барлығы «егеменді республика» деп аталатын. Ал декларацияның айырмашылығы – «мемлекет» деген сөз бірінші рет пайдаланылды. Сол сәттен бастап Қазақстан еңсесі биік, терезесі тең жеке мемлекет ретінде танылып бастады. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізі қаланды.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақ Жоғарғы Кеңесі осы декларация негізінде Тәуелсіздік туралы қаулы қабылдады. Соның негізінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев заң шығарды. Бірақ шынын айту керек, 1990 жылы қабылданған декларацияның 1991 жылы қабылданған Тәуелсіздік туралы қаулыдан әлдеқайда шоқтығы биік, дәрежесі жоғары болатын. Бұл құжатта Жоғарғы Совет «қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұрына отырып, ... осы декларацияны қабылдайды» деп басталады. «Қазақ ұлты» деп ашық жазулы тұр. Алайда бүгінгі біздің Конституцияда «қазақ ұлты», «қазақ жері», «қазақ мемлекеті» деген сөздер жоқ. Декларацияда «Қазақ ССР-і Одақтан еркін шығу правосын өзіне сақтап қалады», «Қазақ ССР ұлттық мемлекеттігін сақтау, қорғау және нығайту жөніндегі шаралар қолданады» деп анық жазылды. Ал қазір «ұлттық» деген сөздің бәрін алып тастап, «ұлттық мемлекет» емес, азаматтық қоғам, азаматтық мемлекет деп шауып жүрміз. Декларацияға «шетелдегі қазақтарға ұлттық-мәдени, рухани және тілге қамқорлық көрсету және олардың өз Отанына келуіне жағдай жасау» деген мазмұн да енгізілген. «Қазақ ССР-ның халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүддесіне сай белгілеуге, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасуға (декларацияда бұл сөзді де бірінші рет пайдаланып отыр), халықаралық ұйымдардың, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының және оның мамандандырылған мүше мекемелерінің қызметіне қатысуға правосы бар» деген мазмұн да анық жазылды.

Демек, біздің мемлекеттік егемендік туралы декларация, қазақ ұлтының мүддесін жан-жақты ескере отырып, өте күшті жазылған болатын. Міне, осы декларация қабылданған күн Республика күні ретінде мемлекеттік мерекелер тізіміне енгізілді. Сонымен 20 жылдай бұрын басты мереке ретінде 25 қазан – Республика күнін тойладық. Кейін тағы өзгеріс болып, 16 желтоқсанға оралдық. Тіпті Сенат бұл күнді мемлекеттік мерекелер тізімінен алып тастады. Содан бастап бұл мереке елеусіз күнге айналды.

2022 жылдың 16 шілдесінде Ұлттық құрылтайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынды. Бұған тұтас халық қуанды. Өйткені Республика күнін қайтару және оған ұлттық мереке мәртебесін беру зор тарихи мәнге ие. Себебі бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Мемлекет басшысының ұсынысымен Қазақ ССР мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылдаған күнін Парламент тарихи шындық деп қалпына келтірді. Қуаныш құтты болсын!

САҒАН КЕЛДІМ, АТАЖҰРТ

Қазақстан тәуелсіздік алғанда, жер бетінде бөркін аспанға атып қуанбаған қазақ жоқ шығар. Әсіресе атажұрттан алыс жүрген шетелдегі қандастарымыз үшін бұл өшкені жанып, өлгені тірілгенмен бірдей қуаныш болды. Екі қазақтың басы қосылса, әңгімесі – Қазақстан. «Қазақстан тәуелсіздік алыпты», «Қазақтың өз мемлекеті шаңырақ көтеріпті, енді бүкіл әлемдегі қазақты көшіріп алады екен», «Қазақтан патша шығыпты, маңдайы кереғарыс дейді» деген әңгіме ел ішінде гу-гу ететін.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Біз ол кезде «тәуелсіздік», «егемендік» деген сөздердің мағынасын түсінбесек те, үлкендердің кеңесіне құлақ түріп, бейне жайлауға көшетіндей, «қашан көшіріп алады екен?..» деп армандаушы едік.

Ес біліп, етек жапқан соң да арманымыз Қазақстан болды. Ол кезде Қазақстан бізге жер бетіндегі жұмақ боп елестейтін. Қазақстан әлемдегі ең мінсіз, бәрі керемет мемлекет деп ойлайтынбыз. Біреу «ол жақта қазақ пен қазақ орысша сөйлеседі» десе мүлде сенбейтін едік, өйткені ол шақта екі қазақтың бір-бірімен өзге тілде сөйлегенін көрген емеспіз. Жатсақ-тұрсақ қазақ әнін тыңдап, жаман радиомызды шиқылдатып, Қазақ радиосын естуші едік. Кітапханаға кірсек, алдымен Қазақстан жазушыларының кітабын іздейтінбіз. Сосын да шығар, бертінге дейін Қазақстан жазушыларының кітаптарының Қытайда қаны жерге тимейтін. Кейбірі бірнеше рет қайта басылса да, бәрібір күн өтпей жатып бітіп қалатын. Мұқағали Мақатаевтың «Қаздар қайтып барады» жинағы 3000, 5000 дана тарылыммен 10 реттен артық басылды. Бәрі бір кітапхананың сөресінде бір аптадан артық тұрған жоқ. Оралхан Бөкейдің «Атау кере», Мұхтар Шаханның «Дәуір дастандарының» да саудасы күсет болды, бүгін сатылымға шықса, күн өтпей сөре «құрғақ» қалатын. «Бұл не қылған кітап? Кітап дүкеніне келген қазақтың бәрі осы кітаптарды сұрайды» деп кітап дүкендерінде қызмет істейтін ұйғырлар мен қытайлардың таңғалғанын талай көрдік. Студент кезімізде де Қазақстан туралы жазылған мақалаларды, Қазақстан жазушыларының еңбектерін іздеп жүріп оқыдық. Әрине, бұл бір жағынан рухани жақтағы сұраныстың қажеті болса, екінші жақтан мұның астарында қазақ еліне деген, қазақ жазушыларына деген құрмет жатыр. Нұрсұлтан Назарбаевтың фотосуретін бөлмеге іліп қою да бір мезгіл дәстүрге айналды. Оған ұйғыр кластастарымыздың қызғана қарайтынын көргенде тіпті марқайып, мақтанып алатынбыз да, іштей Құдайға тәуба ғып, «Еее, Алла, бізді отансыз қылмағаныңа мың шүкір» деп Жаратушыға шексіз алғыс айтушы едік.

Қытай қазақтары баспасөзінің қара шаңырағы – «Шыңжаң газетінде» тілші болып жүрген кезде де Қазақстан туралы талай қызыққа куә болдым. Іле облысының Моңғолкүре ауданында, Алтай қаласында және Ганьсу өлкесінің Ақсай қазақ автономиялы ауданында қазақ күресі мен көкпардың халықаралық додасы өтті. Осы үш байрақты бәсекеде де жергілікті қазақтардың Қытай командасына (арасында Қытай қазақтарынан жасақталған құрама да бар) қолдау көрсетпей, Қазақстан құрамаларына жанкүйер болып, олар ұтса шапалақ соғып, орнынан тұрып құрмет көрсетіп, ал Қытай командасы ұтса, үндемей отырып алғанының куәсі болдым. Керек десеңіз, Қазақстанның әнұраны шырқалғанда бүкіл қазақ орнынан тұрып, «Менің Қазақстанымды» қосыла айтып, тау-тасты солқылдатты та, Қытайдың әнұраны айтылғанда үндемей отырып алды (осы әрекеттері үшін кейін жауапқа да тартылды). Әрине, бұл – қазақ қайда жүрсе де, қайсы елде өмір сүріп жатса да, көзінің қарашығы – Қазақстанның тілеуін тілейтінінің бір мөлтек көрінісі. Атажұрттан алыс жүрсе де, «менің елім бар», «менің Отаным бар» деп Қазақстанды арқа тұтатын асыл қасиетінің айнымас дәлелі.

«Саған келдім, атажұрт,
Қаңғып келген ұл деме,
Тұяғы тозған тұл деме,
Қызығып келіп тұрғам жоқ,
Үлде менен бүлдеңе.
Саған қарай сүйрейді,
Қанымдағы бірдеңе...» деп ақын Мұратқан Шоқан айтқандай, қазақ қайда жүрсе де, қандай бай-бақуатты өмір сүріп жатса да, оны қанындағы бір нәрсе Қазақстанға тартады да тұрады. Бізді де атажұртқа жеткізген сол күш.

Қазақстан тәуелсіздік алған кезде еліміздегі қазақ ұлтының үлесі 40 пайызға да жетпесе, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 80 пайыздан асты. Яғни 30 жылда еселенді. Бұған ішкі демографиялық өсіммен қатар, шетелден көшіп келген 1,5 миллион қазақтың да қосқан үлесі зор болды. Әрине, олар анау айтқандай, дайын асқа тік қасық болып келген жоқ, олармен бірге қазақтың тілі, салт-дастүрі келді, олардың арасында әр саланың мамандары, ғылым докторлары, тарихшы ғалымдар, танымал спортшылар, әлемге әйгілі әнші-бишілер келді. «Елге ел қосылса – құт» деген осы.

Қандастар жайлы сөз болса, «олар мемлекеттен жәрдемақы алады, одан да сол ақшаны өзіміздің елдің тұрғылықты халқына бермей ме?!» деп кері толғайтындар да баршылық. Алайда экономикалық тұрғыдан айтқанда, қандастардың Қазақстаннан алғанынан бергені көп. Атажұртқа келіп кәсіп көзін ашып, неше жүз адамды жұмыспен қамтып отырған қалталы азаматтар, зауыт салып, өнім өндіріп жатқан іскер жігіттер, мал өсіріп, егін салып, нарықты әртүрлі өніммен қамтамасыз етуге тырысып жатқан ағайындар аз емес. Шетелден келген зейнеткерлердің көшіп келген елінен алатын жалақысының өзінен елімізге ай сайын қаншама ақша келіп жатыр. Ең маңыздысы, «көп қорқытады, терең батырады» дегендей, бұрынғымен салыстырғанда санымыз көбейді. Қазақ тілін ана тілім, бар байлығым деп санайтындардың қатары көбейді. Бұл – ақиқат. Бірақ «30 жылда 1,5 миллион қазақ келді» деп аузымызды толтырып айтқанымызбен, 6 миллионнан астам қазақ әлі шетелде жүр. 6 миллионнан астам халқы бар қырғыз ағайындар бір мемлекет болып отыр. Демек, көршілес Қырғызстан елінің халқына пара-пар қазақ әлі шетелде күн көріп жатыр. Егер сол қазақ тайлы-тұяғымен атажұртқа оралса, онда біздің елдегі қазақ ұлтының демография мәселесі оңына басып, қазақ тілінің де қауқары артар еді. Бір ауыз сөзбен айтқанда, қазақтың саны көбейсе, Қазақстандағы қазақ ұлтына қатысты қазір өзекті болып тұрған мәселелердің көбі оң шешімін табар еді. Алайда тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болса да, әлі күнге дейін кемелді бір көші-қон саясатын жасай алмадық. 30 жылдан бері сан құбылып, алыстан келген ағайынды сарсаңға салғаны аздай, енді «Жаңа Қазақстанда» жаңаша беталысқа бет бұрғанның орнына шетелден келген ағайынды елдің шетіне қуып, 5 жылға дейін азаматтық бермеу жағын қарастыра бастағаны жүрегімізге қатты батты. Құзырлы орындарға «Қазақстанға келген қазақты жеңілдетілген тәртіппен «бір терезе» қағидаты бойынша азаматтыққа қабылдасын, азаматтық беретін уақытты қысқартсын» деп талап қойып жүргенде, 5 жылға дейін азаматтық бермеу мәселесінің көтерілуі дәл «тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлақтан айырылыпты» дегеннің кебі болды.

«Дүние жүзіндегі қазақпен байланысты нығайтады, олардың атажұртқа келуіне мүмкіндік жасайды» деген мақсатпен құрылған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы да көңіл көншітер көп шаруа тындыра алған жоқ. Үлкенді-кішілі құрылтай өткізумен, ақын-жазушылардың кітабын шығарудан аса алмай тұр. Ал шетелдегі қандастарымыз болса барған сайын бізден алыстап, тілден, дәстүрден айырыла бастады. Кейбір елдерде қазақтар жиі қоныстанған өңірлерде қазақ мектептері жабылды. Мақсатты түрде жүргізілген ассимиляция да шетелдегі қазақтың рухын сындырып, Қазақстанға деген сеніміне селкеу түсірді.

Қысқасы, қазаққа Қазақстан қандай қажет болса, Қазақстанға да қазақтан басқа қамқоршы жоқ! Мемлекет құрушы тұлғалық ұлт – қазақ ұлтының саны көбейіп, санасы өспей, еліміз де өркендемейді. Сондықтан алдағы уақытта шетелдегі қандастар мәселесі назардан ешқашан қағыс қалмауы керек. Бұл мәселе 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясында да анық жазылған. Бұл декларация біздің тәуетер тәуелсіздігіміздің құбыланамасы екенін ескерсек, онда жазылған әрбір сөз қанша уақыт өтсе де өз құнын жоймайтын тәпсірмен тең.



1990 ЖЫЛЫ 25 ҚАЗАНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕГЕМЕНДІГІ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ БАТЫЛ ҚАДАМ, ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУҒА ТАЛПЫНЫС БОЛДЫ

ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ: ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МІНДЕТІ

Газетіміздің №123 (4401) нөмірінде «Егемендік декларациясы: маңызы мен мәні» атты мақалада тарихи құжатты қабылдаудағы қиындықтар мен ұлттық мемлекеттілікті құруға бағытталған баптардың мән-маңызына тоқталдық. Бұл жолы 1993 және 1995 жылы қабылданған Конституцияға негіз болған нормативтік құқықтық актілерін сөз етеміз.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАР ЖОЛ

25 қазанда мерекеленетін Республика күнінің түпкі мәні – Егемендік декларациясының мән-маңызын түсіну, жаһанданған заманда елдіктің еңсесін тіктеп, ұлттық ерекшелікті, болмыс-бітімді сақтай отыра дамудың жолын саралау. Өйткені 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы тәуелсіздік жолындағы батыл қадам, ұлттық мемлекет құруға талпыныс болды.

1991 жылы 10 желтоқсанда Жоғарғы Кеңестің сессиясында «Қазақ КСР-нің» атауы «Қазақстан Республикасы» болып өзгеріп, 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Тәуелсіздікке даңғыл жол салған қос құжат бірбірімен мазмұндас, мағыналас болды, айырмашылығы жоқ емес.

Бәрі қалай басталды? Алдымен соның басын ашып алайық.

1991 жылғы Тамыз төңкерісінен кейін КСРО-ның шаңырағы шайқалып, империялық дәрмені қалмағанын көрсетіп берді. Қазан айының соңында Литва, Латвия, Эстония, Грузия тәуелсіздігін жариялап, КСРО-дан шыққанын мәлімдеді.

Горбачев Одаққа біріккен республикалардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени талап-тілегіне жауап бере алмай, КСРО көлемінде шиеленіс күшейе түсті. 1991 жылғы 8 желтоқсанда Ресей, Украина және Беларусь басшылары Минск маңындағы Беловеж орманында бас қосып, 1922 жылғы КСРО шартын жоюға келіссөз жүргізді. Сөйтіп, Борис Ельцин, Леонид Кравчук және Станислав Шушкевичтің бастамасымен КСРО жойылды.

Көп ұзамай Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан «кеңестік» және «социалистік» атауынан бас тартып, тәуелсіздігін бірінен кейін бірі жариялады.

Осы кезде тәуелсіздікті тіктеп, рәміздерді жасақтап, шекараны айқындауда декларация заңнамалық шарт қызметін атқарды. XX ғасырдың 90-жылдарының басында қабылданған қос құжат – Егемендік декларациясы мен Конституциялық заңның мазмұнына уақыт ағымына сай аздаған өзгеріс енгізілгенмен, түпкі мәні елдіктің еңсесін тіктеу, тәуелсіздікті жария ету болды. Біріншісінде ел тұтастығы мен егемендігіне қажетті заң нормалары 17 бапқа біріктірілсе, екіншісі 7 тарау және 18 баптан тұрды.

КОНСТИТУЦИЯДАҒЫ ОРНЫ

Белгілі заңгер Сұлтан Сартаев: «Декларацияда Республика мемлекеттің өз ішінде биліктің үстемдігіне ие және сыртқы қатынастарда Одақтық шарттың аясында іс-шаралар жүргізіледі» деп көрсетілсе, Конституциялық заңда «Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Әрі территориясында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді» деп нақтыланды. Қос құжаттың айырмашылығы – біріншісінде сыртқы саясатта ресми Мәскеудің ықпалында екені аңғарылса, екіншісінде өз еркі өзінде екені айқындалды» деп жазады өз естелігінде.

Белгілі ғалым Салық Зимановтың жазуынша, декларацияның басқа саяси-құқықтық құжаттар арасында алатын орны зор, маңызы ерекше. Онда ұлттық мемлекеттің негізгі принциптері қамтылып, саясат, экономика, мәдениет, аумақтық биліктің конституциялық нормалары көрсетілді.

Тәуелсіздіктің негізін қалауға атсалысқан қос заңгердің пайым-парасаты орынды. Декларация конституциялық сана-сезімді қалыптастырып, бекітуде шешуші рөл атқарды.

Ғалым, заңгер Социал Табановтың еңбектерінен декларация мен Конституцияның тарихи-құқықтық сабақтастығы туралы табуға болады.

> 25 қазанда мерекеленетін Республика күнінің түпкі мәні – Егемендік декларациясының мән-маңызын түсіну, жаһанданған заманда елдіктің еңсесін тіктеп, ұлттық ерекшелікті, болмыс-бітімді сақтай отыра дамудың жолын саралау

XX ғасырдың 20-жылдары қазақ даласында декларация ұғымы алғаш еніп, Қырғыз (қазақ) автономиялы Республикасының I Бүкілхалықтық құрылтайында ұлттық мемлекет құру туралы декларация қабылданғанмен, бәрі қағаз жүзінде қалып, дербестік тар шеңберде қаралды. XX ғасырдың 90-жылдары белсенді, беделді халық қалаулылары мен заңгерлер жасаған заң нормалары тәуелсіз мемлекет құруға негіз болды.

Декларациядағы баптарды саралайтын болсақ, конституциялық актіні құрап, тіпті кейбірі конституциялық құрылыстың негізін қалады. Айталық, декларацияның: «Республика мемлекет билігі оның заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу принциптер бойынша жүзеге асырылады» деген 7-бабы өзгерместен, тұтастай 1993 жылғы Конституцияның 6-тармағына енгізілді. Сондай-ақ декларацияның 3-бабындағы: «Қазіргі шекарасындағы Қазақ ССР-нің территориясы бөлінбейді және оған қол сұғылмайды, оның келісімінсіз пайдалануға болмайды» деген тұжырым Конституцияның 2-тармағымен үндестік тапты.

Декларациядағы мемлекеттіліктің өміршең қағидалары 1995 жылы қабылданған Ата Заңда да көрініс тапты. Мәселен, Конституцияның 2-бабын, 2-бөлігін алсақ, онда: «Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, оған қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді» делінді. Бұл декларацияның 3-бабына пара-пар екені анық. Декларациядағы адам құқығы туралы идеясы Ата заңның «Адам және азамат» деген II бөлімде 10-39-баптарда толық қамтылды.

Бұдан бөлек, декларациядағы азаматтық, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық бірлестіктер, мемлекеттік органдар, аумақтық басқару, жер асты және үстіндегі табиғи ресурстар мен халықтың тарихи-мәдени қазынасы және т.б. байланысты мәселелер Конституцияның тиісті мәтінінде өз орнын тапты. Алайда Конституцияға декларацияның баптары ешбір өзгеріссіз енді деген пікірді ұстанған дұрыс емес. КСРО ыдырап, тәуелсіз мемлекет құрылған кездегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуал өзгеріп, кейбір тіркестер өзектілігін жойған-ды.

P.S: ***Біздің алдымызда ұлы міндет тұр, ол – Жаңа Қазақстанды құрып, әділеттілік принциптерін ұстанған қоғам құру. Қазақ қоғамы үшін әділдіктің ең үлкені – ұлттық мемлекет құрып, ата-бабамыздың арман-мұратын шындыққа айналдыру. Бұл ретте, 25 қазанға сәйкес келетін Республика күні маңызды рөл атқарады. Өйткені бұл мерекенің түпкі мәні Егемендік декларациясының мән-мазмұнын насихаттау болса, бұл құжаттың өзегі – ұлттық мемлекет құру.***

ЛЕБІЗДЕР ЛЕГІ

Айгүл АДИЛОВА,
Б.Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:

БҰЛ КҮННІҢ МӘНІ ЕРЕКШЕ

– Тарихи оқиғаларға ой жүгіртсек, осыдан 32 жыл уақыт бұрын, яғни 1990 жылдың 25 қазанында мемлекеттің Егемендік декларациясы қабылданды. Республика күні алғаш рет 1995 жылдың қазан айында ұлттық мереке болып жарияланды, тиісті Жарлыққа ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қол қойды. Бұл тарих сахнасындағы аса маңызды әрі тарихи қадам болатын.

Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Егеменді мемлекеттіліктің іргелі қағидаттары ретінде Қазақстанның жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Әйтсе де, бүгінге дейін еліміздегі түрлі жағдайға байланысты бұл маңызды күн өскелең ұрпақтың жадынан жырақтай бастаған еді.

Биыл бұл мереке ұлттық мереке ретінде тойланады. Республика күнінің мемлекеттік деңгейде, елімізде тұратын барша ұлт пен ұлысқа ортақ мереке ретінде аталып өтуі – халқымыздың бойына қуат, жүзіне қуаныш сыйлаған оң шешім. Ең бастысы, қоғамның патриоттық сезімін арттыруға сеп болары анық.

Республика күні – мемлекеттің символын айқындайтын маңызды мереке. Бала кезінен бастап балаларды Отанға деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге, ұлттық және мемлекеттік мерекелерге құрметпен қарауға баулу маңызды. Еліміздің жалынды жастары басын бәйгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылған қыршын ерліктері бүгінгі тәуелсіз еліміздің жарқын ісімен жалғасын табуда. Бүгінде еліміздің білім беру ұйымдарында Республика күнін мерекелеу жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспары бекітіліп, еліміздегі барша оқушы үшін шығармашылық, танымдық, спорттық, мерекелік іс-шаралар өткізіліп жатыр. Рухани құндылығымызды, қазақы қайсар рухымызды, бай тарихымызды, бабадан қалған даланың мұрагері ретінде алты алашты әлемге таныту арқылы осы тарихи атаулы күннің біз үшін қасиетін аша білуіміз, көрсете алуымыз қажет. Сол себепті бұл күннің қажеттілігі мемлекетіміз үшін, өскелең жас ұрпағымыз үшін зор деп санаймын.

Жақсылық СӘБИТОВ,
тарихшы:



ӘДІЛЕТТІ ШЕШІМ

– Республика күні мерекесінің қайтып оралуы – тарихи тұрғыдан өте әділетті шешім деп ойлаймын! Бұған дейін елімізде 25 қазан – Республика күні ретінде атап өтілді, ал кейінірек ол тойланбайтын болды. Мемлекет басшысының ендігі шешімі – өте дұрыс шешім. Әділеттілік салтанат құрды. Бұл көпшіліктің көңілінен шыққаны анық. Шын мәнісінде 25 қазан – бұл тәуелсіз Қазақстанның экономикалық егемендік, еріктілік алған күні. Бұл – еліміздің экономикадағы ұлттық мүдделерін шынайы сезініп, қорғауға кіріскен кезі. Іс жүзінде, сол кезеңдегі Қазақ КСР-дағы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға деген ұмтылыс жасалды десек қателеспейміз. Сол себептен, бұл күннің маңызы аса зор.

Қазақстан өзінің егемендігін жариялағаннан кейін, тәуелсіздікке алып баратын жолға түсті. 1990 жылы 25 қазанда жарияланған Декларация тәуелсіздік алу барысындағы үлкен үдерістің ең маңызды кезеңінің алғашқы қадамы болатын. Осы қадам елдің экономика саласындағы ұлттық мүддесін нақты белгілеп берді.

Енді 25 қазан – Республика күні ретінде неге ұлттық мерекеміз болып бекітілді дегенге келейік. Қандай мереке ұлттық, я болмаса мемлекеттік болып бекітілетінін әр ел басшылығы өзі шешеді. Бұл – барлық мемлекеттердің тарихи тәжірибесінде бар үрдіс. Осы тәжірибені өзгертіп, мемлекет елдің тарихына назар аудара отырып, қай күнге айрықша мәртебе беретінін өзі шешеді.

№125-126 (4404) 22/10/2022 Сенбі

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ

ҚАЗАҚСТАН

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан, ардақтым!
Тұлпарыңның шабысын,
Домбыраңның қағысын,
Күңіренткен тау ішін,
Дарияңның ағысын
«Сүйем!» десем – бәрі шын,
Қазақстан – намысым!
Әрбір тасы – киелім,
Әр уығы – жүйелім,
Ән кернеген жүрегін,
Күй кернеген тиегін,
Сары алтыннан сүйегің,
Қазақстан – жыр елім!
Шаңырағың – шырағым
Топырағың – тұмарым,
Ғаламда жоқ сыңарың,
Ғажайыбым, жұмағым,
Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан – қыраным!
Айың тусын оңыңнан,
Күнің тусын солыңнан,
Жұлдыз жансын жолыңнан,
Басыңа бақ орнасын,
Қыдыр болсын жолдасың,
Құдай сені қолдасын,
Қазақстан – көз жасым!..

Несіпбек АЙТҰЛЫ

ОТАН

Біздер үшін Отан – жалғыз, Ту – жалғыз,
Қорғамасақ несін ұл боп туғанбыз?!
Кіндігіміз тар қапаста кесіліп,
Ит көйлекті қанды жаспен жуғанбыз.

Туған жұртқа тірек болу – ерге сын,
Құлдықты енді құдай басқа бермесін.
Атаң өлсе, өзің ата боларсың,
Ешқашанда Отан өле көрмесін!

Әкең өлсе, шешең өлсе жыларсың,
Балаң өлсе, бір жығылып тұрарсың.
Отан өлсе, опырылып түскенің,
Күңіреніп көрге бірге құларсың.

Біздің Отан өліп, қайта тірілген,
Біздің байрақ құлап, қайта тігілген.
Опат болған ерлер рухы оянар,
Отан деген лебіз шықса тілімнен.

Отанменен аспандағы Күн егіз,
Екеуінің амандығын тілеңіз.
Жас азамат, бұл Отанның қадірін,
Отансыз боп көрген біздер білеміз!

Керек қылса, жолында оның құрбанбыз,
Бәріне де белді бекем буғанбыз.
Бір кеудеге екі жүрек сыймайды,
Қазақ үшін Отан – жалғыз, Ту – жалғыз!

Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ

ДҰҒА

Қазақстан – байтағым!
Тірі жүрсем, сенің әнің айтарым.
Өлсем, сенің топырағыңды тыңайтам.
Жазирам, гүл-райхан,
Саған іштей тілейтінім көп менің,
Сенсің менің оттегім.
Сенен алыс кеткендердің ауа
жетпей тұншығып,
Түбі өзіңе ораларын байқадым.

Рухым мен намысымды жаныштап,
Жалт бергенде ант еткендер нан ұстап,
Рас, сені даттадық біз дауыстап,
Рас, сені боқтадық біз дауыстап.
Бірақ ұзап кете алмадық алыстап.
Кіндігіміз саған мықтап байланған
ғой себебі,
Болмысымыз тұтас саған айналған
ғой себебі.
Әлі күнге аузымыз сан күйгеніне
қарамай,
Баласына шексіз сенер анадай,
Анасына шәк келтірмес баладай,
Сенеміз біз түбі сенің тамырыңа
қарыштап.

Қанша ғасыр бойы үнемі ұтылдық,
Ыдырадық, кемідік һәм жұтылдық.
Хақ-Тағала көңілі түсіп бір күні
Сені бізге бере салды бүтін ғып.
Сенің барың қандай ғажап мына
жердің бетінде,
Жұмақ болсаң, тұрғынымыз жұмақтың,
Тамұқ болсаң, тұрғынымыз тамұқтың
Соған және ететін сан шүкірлік.

Қазақстан – байтағым!
Отанысың кіл әулие жандардың
Сені шексіз сүйгені үшін сұрамайтын
қайтарым.
Тек солардың ақ көңілі үшін де,
Пәк көңілі үшін де
Сен бақыттың айт әнін,
Олар соған лайық!
...Содан кейін әрбір адам бек қуанып
туғанына қазақ боп,
Мәңгі бақи азат боп,
Мынау аспан астында
Бұл дүние тұрғанынша тұрайық!

Қуаныш ІЛИЯС

ҚАЙЫҢ ТАҒДЫР

Жауыр, кәрі атандай дала жатты дерейіп,
Ағаш ектім Сарыарқа, жерге де біз берейік!
Балам көшет ұстап тұр, –
«бұл ағаштың аты не?»
Баланың да сауалы кеткен шақ бұл кемейіп!

«Қайың» дедім, – жан балам,
Сен де осымен бір бүрле,
Тамырымен тамырлас,
қызғалдақпен бір гүлде.
Қайың едім мен-дағы,
топырағымнан ажырап,
Тамырымды сүйретіп жеттім елге бір күнде.
Тамырымнан су емес, қан ағып тұр, ағайын,
Қия салу оңай ма, тамыры бір тоғайын?!
Құшағыңды аш атажұрт,
қай қырқаңа қонайын,
Сенен сая іздегем, саған сая болайын!

Қайың сауып жан қалған «елім-ай»
лап жортқанда,
Қайың болып шыдағам, ырғай
жебе жыртқанда.
Қайың еді керегем, шаңырағым, уық та,
Қайың ыстық сондықтан, маған қайын
жұрттан да...

Қасиетті сары үкім қайыңға кеп қонатын,
Сол қайыңда байлаулы қалды
менің торы атым.
Біздің мекен аттары: қайыңды бел,
қайың көл -
Қайыңды арал, қайыңды,
қайыңды сай болатын!

Қайың адалбақаным, қайыңқұрық ұстағам,
Қайың ердің қапталын қайыңтозбен
тыстағам.
Ашамайым қайың ед, содан да мен ағайын,
Қайың болып өсем де, қайың болып
қысқарам!

Астауым қайың, піспегім қайың үйілден,
Қайың иісі аңқиды қарапайым үйімнен.
Ұл өседі қайыңдай қайратты, айбатты,
Қыз өседі ибалы, аққайыңдай иілген!

Қайыңтозсыз отым да үрлегенмен
жанбайтын,
Сонау жалғыз қайында байғыз
ғана зарлайтын.
Ақ пейілді қазақпын, мәрт пейілді ақынмын,
Аққайыңсыз аруды елестете алмайтын!

Иендегі қайыңдай сағынышпын, зарлымын,
Сезінеді қайың да дүниенің тарлығын.
О, киелі Сарыарқа саған тамыр тартайын,
Қайың болып егілген менің қилы тағдырым.

Жер екенсің Сарыарқа қайың қаулап өсетін,
Қазақ болып қалайын қайың ғұмыр кешетін.
Шоқпар қылма досыңа, балтаңа да саптама,
Орманды да өзімді қайырылып кесетін!

Көк байрақтан мәуе алып көгерейік,
көктейін,
Тамырыма сенемін: «Тас болса да тес» дейін.
Тамырымды сүйретіп, асау тағдыр үйретіп,
Топырақсыз ғұмырды енді мәңгі кешпейін!

Светқали НҰРЖАН

ҚАЗАҒЫМ

«Қазағым» деп Әбубәкір Кердері
Жұлып ашты жүректегі пердені.
Осы өлеңді естіп өстім шалдардан,
Етегімді жабуға әлім келгелі.

Содан кейін, Абай, Ақан Серіден
«Қазақ» деген талай сөзді теріп ем.
Қоректенген қанын жалап жанымның
Ауру болды ол бірге өлетін менімен.

«Қазақ» десе, кірпігімнің жасы мөлт
Етер болды! –
Қайтер екен осы дерт? –
«Мен – қазақтың баласы!..» деп тәкаппар
Дүниені жалт қаратқалы Қасым-өрт!
Сәл ес жиып, кірпік сүйеп шамдалға
Нұрды жалғап отырғанда таңдарға –
Жан-қоңырау қоя берді сыңғырлап,
Қуан-ағам: «Мен – қазақ!..» деп қалғанда!

«Қазақ» десе – үн бітердей кереңге,
«Қазақ» десе – тіл бітердей тереңге!
Телегейім қоя берді сайқалып,
Жұбан-ағам: «Мен – қазақпын!» дегенде...

Айналамды қамағанмен мол кезбе,
Мен қазақтан танымадым елді өзге.
Түрмесіне –
Міржақып пен Мағжанның
Әлі сәуле түспеп еді ол кезде...

«Өз қазағын жек көрер, – деп, арыс қай?! –
«Қазағым-дап» сөйлеп бақтым қалыспай.
Қазақты айтса, сырт айналып кететін
Таң қалушы ем ағаларға талыстай.

«Қазағым!» деп туды алғашқы ғазалым,
Сол халыққа бардай әлі жазарым.
Тілек айтам мінәжатты түндерде:
«Қазағымның алдында ал, – деп, – Ажалым!..»

Көк байрағым тұрғанымен төбемде,
Жан-Азамды айтып жүрмін көп елге:
«Мен – өлейін! Жоғалайын!..
Қазағым,
Сенің атың қалмағай, – деп, – Өленде!..»

...Қазағымның алдында алып ажалым,
Топырағымды жап қолыңмен, Қазағым!
Құлпытасым:
«Қазағым!..» – деп күбірлеп,
Тұрса болды ортаңызда – Мазарым!..

Қалқаман САРИН

ҚАСИЕТІМ

Уа, Отаным, менің жалқы-жалғызым,
Көру бақыт сендегі атқан таң жүзін.
Тәуба, талай жемісіңді жегіздің,
Тарықтырмай, зарықтырмай нанға үзім.

Уа, Отаным, менің мақтан тұтарым,
Бас иетін қасиетім, құт-арым.
Қымбат жасыл жапырағың, бұтағың,
Құндақ асыл топырағың, жұпарың!

Уа, Отаным, менің арқасүйерім,
Сенсең, сендік қаным, қаңқа-сүйегім.
Жұлдызыңа, бір қызыңа ғашықпын,
Бірақ, сүйсем, сені ғана сүйемін!

Сен мен үшін бәрін бердің бақыттың,
Сенде ғана Ай сәулелі жаһұт түн.
Саған деген махаббаттың өлшемі,
Сыймайды ешбір уысына уақыттың.

Ал мен сен деп отқа түспей, оқ атпай,
Ар-ұяттан қызарамын тағы оттай.
Керегіңе жарап жүрсем жетер-ау,
Беделіңе бір сөз де жолатпай!

Сүйемін! – деп сені алдаған сөз ғәріп,
Киелім! – деп көре алмаған көз ғәріп.
Өзегіңді жарып шықпай өз ұлың,
Қадіріңе жете алмайды ол анық.

Уа, Отаным, өзің барда өр болсам,
Сенде өлем, Сенде көрем, не көрсем.
Бар жақсыңды маған беріп келесің,
Бір жақсылық көрмесең де менен сен!
...Уа, Отаным, құдіретінде жоқ өлшем!

ЛЕБІЗДЕР ЛЕГІ

Мерей АҚШАЛОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, бокстан әлем чемпионы:

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕМІЗ МЕРЕЙІМІЗДІ КӨТЕРСІН

– Еліміздің егемендігін жариялаған декларация қабылданған күн – Республика күні ұлттық мерекесі болып бекітіліп, жаңаша сипатқа ие болып отыр. Демек, енді бұл күн еліміздің ең маңызды мерекесі болады.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғалы қазақ халқының мерейін өсірген жаңалықтарды естіп, оқиғаларды көріп келеміз. Ең бастысы, егемен ел ретінде халықаралық қоғамдастық алдында абыройымыз асқақтады. Бүгінгі таңда Қазақстанды бүкіл әлем тұрақты дамып отырған мемлекет ретінде танып, тіптен біздің еліміздегі бірлік пен берекені өнеге санайды.

